



Әрбір тілде сөйле әлемді  
таңқалдырып,

Ана тілін білмеу қандай  
заңдылық.

Өсер балаң, байтақ далаң  
тұрғанда,

Ана тілі жасау керек  
мәңгілік!!





**Ау, жиылған халайық!  
2007 жылы шықты  
«Балапан».**


**Оқыды оны қызығып,  
Ата-ана және  
бүлдіршін.**

# БАЛАЛАР

Балалар журналы

№ 1 2007 жыл





**«Солоңы», «Радуга»**

**«Балапан»**





### *Айналайын, бүлдіршін!*

Қолыңдағы әсем журнал «Балапаның» аяулы ана тіліңнің мөлдір бастауы, білім шыңына жол ашар ақылшын. Осы журналдан алған нәр өзің үшін таусылмас асыл қазына болмақ .

Тілін, дінін, елін және жерін сүйетін, жаны ізгі жақсы азамат болып өсетініне сенемін.

Келешек жастар тілін, тарихын білсін, ауызбірлікте болсын деген ниетпен қазақ тілінде балалар журналын шығаруды мақсат еттім.

Бүгінгі күнде журналымыз жарық көруде. Осыған орай, кішкентай бүлдіршіндеріміздің қуаныштарына ортақтасып, шын жүректен құттықтаймын.

Әуелхан Жәзиртұлы Жатқамбаев  
Қосағаш ауданының әкімі

**2007 жылы шыққан «Балапан»  
журналының бас редакторы –  
Коксегенова Гүлдария  
Тоқтамұратқызы**





## ТАЛАПТЫҒА НҰР

### АЯЗ АТА

Аяз ата келді,  
Сыйлық әкеп берді.  
Қуанайық секіріп,  
Би билейік енді.

### ҚАР ЖАУЫП ЖАТЫР

Қар жауып жатыр себелеп,  
Өңшең бір аппақ көбелек.  
Бақтарға жайлап қонғандай,  
Өзгерді өңір керемет.

*Мұхтартегі Рустам 4 сынып оқушысы  
Телеңіт-Сарытоғай орта мектебі.*

## ТЕРЕЗЕДЕГІ СУРЕТ

Қақаған аязда Үміткердің далаға ойнағысы келді. Атасы оған:

– Далада ойнап жүрген балалар бар ма екен, терезеден карап ал,ботам,-деді. Үміткер жүгіріп барып терезеден тысқа карады

*Әжікентегі Әсел 5 «а» сынып оқушысы Телеңіт-Сарытоғай орта мектебі.*

## ҰСТАЗЫМ

Мынау менің ұстазым,  
Ол біздің анамыз.  
Біз үшін қуанып,  
Біз үшін қайғырып,  
Қызарады біз үшін.  
Мереке күнінде  
Ардақтаған ұстазым,  
Барлық әлем гүлдерін  
Арнап сізге сыйлаймын.

*Бегентегі Рақымғұл 5 «а» сынып  
оқушысы Телеңіт – Сарытоғай орта мектебі*



## **АНА**

Ана – қымбатты,  
Ана – ардақты.  
Асыл ғой өзі  
Өмірде мәңгі.  
Арнадым саған  
Жазылған жырды.  
Сыйладым саған  
Тек жақсылықты.

*Насынтегі Аңсагүл 6 «а» сынып оқушысы Төбелер орта мектебі.*

## **ҰСТАЗ**

**(сүйікті ұстазым Кулима Бағыденқызына)**

Ұстазымды көргенде,  
Сабағына келгенде,  
Ылғи бестік алуға  
Талпынамын мен неге?

Ұстаз деген асыл ғой.  
Ардақтаймын анамдай.  
Ақыл айтып, үйретіп,  
Мәпелейсің балаңдай.

Айтқаныңды ұғамыз,  
Ғылым, білім аламыз.  
Армандаған бәрінің  
Ақылды адам боламыз.

*Ақтоқалтегі Сағыныш 6 «а» сынып оқушысы Төбелер орта мектебі.*

## ТАЛАПТЫҒА НҰР

### АЯЗ АТА

Аяз ата келді,  
Сыйлық әкеп берді.  
Қуанайық секіріп,  
Би билейік енді.

### ҚАР ЖАУЫП ЖАТЫР

Қар жауып жатыр себелеп,  
Өңшең бір аппақ көбелек.  
Бақтарға жайлап қонғандай,  
Өзгерді өңір керемет.

*Мұхтартегі Рустам 4 сынып оқушысы  
Телеңіт-Сарытоғай орта мектебі.*

## ТЕРЕЗЕДЕГІ СУРЕТ

Қақаған аязда Үміткердің далаға ойнағысы келді. Атасы оған:

– Далада ойнап жүрген балалар бар ма екен, терезеден қарап ал,ботам,-деді. Үміткер жүгіріп барып терезеден тысқа қарады

*Әжікентегі Әсел 5 «а» сынып оқушысы Телеңіт-Сарытоғай орта мектебі.*

## ҰСТАЗЫМ

Мынау менің ұстазым,  
Ол біздің анамыз.  
Біз үшін қуанып,  
Біз үшін қайғырып,  
Қызарады біз үшін.  
Мереке күнінде  
Ардақтаған ұстазым,  
Барлық әлем гүлдерін  
Арнап сізге сыйлаймын.

*Бегентегі Рақатгүл 5 «а» сынып  
оқушысы Телеңіт – Сарытоғай орта мектебі*

# ҚУЫРМАШ

## ЖАҢЫЛТПАШТАР

Суда сең келеді,  
Сегіз серке тең келеді.

\* \* \*

Көп тырна,  
Көп тырна,  
Тыраулап тек  
Көп тұрма.

\* \* \*

Қыс қыспаса, қыс па?  
Құс ұшпаса, құс па?

\* \* \*

Есет атам ет асатар,  
Ет асатса, бес асатар.

\* \* \*

Әй,әй, Айдарбай,  
Иір мүйіз сиырыңды  
Үйіңе айдай бар.

\* \* \*

Іске іскер,  
Істі іскер істер.

## ЖҰМБАҚТАР

Кезікті бір жануар,  
Үстінде екі тауы бар.

(әңли)

\* \* \*

Дегендей ешкім  
тимесін,  
Алыпты қадап инесін.

(идік)

\* \* \*

Ағайынды бәрі,  
Шықса – жасыл,  
Түссе – сары.

(шдичидж)

\* \* \*

Жерді де мекен етеді,  
Көлді де мекен етеді.

(ддд)

\* \* \*

Өзі жап – жас, мұрты бар,  
Ет пен сүтке ұмтылар.  
Тастамайды жылы үйде,  
Түкті тонын шұп – шұбар.

(шдддд)

## АНАГРАММА

Егер А- дан бастасаң,  
Үлкен ақын атамыз.  
А – ны алып тастаса,  
Мол дәулетке батамыз.  
Б – ны алып тастаса,  
Түнде жарық шашамыз.

*(Абай-бай-ай)*

Егер Б – дан бастасаң,  
Бірімін мол жемістің.  
Б – ны алып тастасаң,  
Құнды қағаз, бөліскін...

*(Бақша – ақша)*

## ӘЗІЛ – МАЗАҚ

Үйретті Арман үркекті.  
Жүрісін көрмек бүлкекті.  
Ақ бұзау тулап жықты да  
Мес қарынға бір тепті.

Кетік – кетік кекшебай,  
Талқаныңды екше бай.  
Түзде кетік тары же,  
Таусылмаса, тағы же.

Кеттік – кеттік кетігім,  
Күрек тісі сетігім.  
Тұрған тәтті тамақты  
Ұрлап жеуге жетігім.

Бұтақпен ұрып енесін,  
Бұзауын басқа тебесің.  
Құтыңды құнсыз еткен соң  
Сиырсыз сүттен кебесің.

# КҮНТІЗБЕ - 2007 ЖІ



## қаңтар

дс	сейс	сс	бс	жм	сен	жек
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30	31				

## ақпан

дс	сейс	сс	бс	жм	сен	жек
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28				

## наурыз

дс	сейс	сс	бс	жм	сен	жек
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30	31	

дс	сейс	сс
2	3	4
9	10	11
16	17	18
23	24	25

# БҮРКІТ ПЕН ҮКІ

(алтай халық ертегісі)

Ерте – ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде, Алтай жерінде Бүркіт пен Үкі өмір сүріпті.

Күндердің бір күнінде екеуі кездесіп дауласыпты. Даудың түбі: кімнің көзі өткір екені.

Екеуі аспанға биікке ұшып, астына қараса, жапан далада бір қарайған зат көрінеді. Сонда Бүркіт Үкіден сұрайды:

– Мынау не?

– Ол тышқан,-дейді Үкі.

– Жок, ол арбамен келе жатқан адам.

Екеуі жақынырақ ұшып келіп қараса, шынымен арбадағы адам екен. Сөйтіп Бүркіт дауды жеңеді. Сонда Үкі тұрып айтады:

– Сен асықпа,кімнің көзі өткір екенін түнде көрейік,-дейді. Екеуі сонымен келіседі.

Қараңғы түнде қайта ұшып шығады. Биіктен жерде екі көлеңке көрінді. Үкі Бүркіттен:


– Бұл ненің көлеңкелері,-деп сұрапты.

Бүркіт әрі-бері қарап,түк те түсінбеді.

– Ол елік баласымен,- деді Үкі. Жақынырақ ұшып келсе, шынымен бұл еліктер екен.

Содан бері Үкі түн құсы болып саналады да, Бүркіт тек ғана түсте ұшатын болыпты.

*Қошірген Коксегентегі Гүлдария*



## «БАЛАПАНҒА» ТІЛЕК


Менің туып-өскен Отаным-Алтай республикасы. Отан деген сөз менің жаныма тарам-тарам тамыр арқылы анамның ақ сүтімен тараған.

Біз шетелдегі қазақпыз. Біз Қазақстанда туылмасакта, өзіміз қазақ екенімізді мәңгі ұмытпаймыз. Ресей мемлекетінде тұрып орыс тілімен қатар қазақ тілін де меңгереміз. Шүй даласында аз қазақ болсақ та, өз ата-бабамыздың сұлу, бай тілін, салт-дәстүрін ұмытпауға тырысамыз. Сонымен қатар, мектепте балаларға арналған оқу құралдар, көркем әдебиеттер аз деп айтуға болады. Бірақта, аудан әкімі, өз ұлты үшін жанкүйер азамат Әуелхан Жазитұлы осы мәселелерді шешуде. Бұл адам Қазақстан мемлекетімен тығыз байланыс жасап, қазақ тілін дамытуға үлкен үлес қосып отыр. «Шүй нұры» газетін шығарды, шүй қазақтары энциклопедиясы келешекте жарық көрмек. Инде бүгін жас бүлдіршіндерге арналған журнал республика көлемінде шығып отыр.

Барлық аудан оқушыларының атынан Әуелхан Жазитұлына үлкен алғыс айтамын.

Құрметті оқырмандар, оқушылар!

Журналымыз қызықты, маңызды болу үшін өз үлестеріңізді қосыңыздар.



## БАЛАПАН


Журналым менің, «БАЛАПАН»  
Білімі-сусын қандырған.  
Арман жоқ ұл мен қыздарда,  
Жаздырып сені алдырған.

*Қыдырбайтегі Марина  
Телеңіт-Сарытоғай орта мектебінің  
10 сынып оқушысы*

Учредитель: Администрация МО «Кош-Агачский район»  
Главный редактор Коксегенова Г. Т.

Подписано в печать 26.12.2006. Формат 60x84 1/8. Печ. л. 2.5.  
Бумага офсетная. Печать офсетная. Тираж 500 экз. Заказ № 73.  
Предприниматель А. Орехов: издательство и типография,  
св. № 2117 от 1. 04. 1996 г.,  
г. Горно-Алтайск, ул. Матросова, 17.  
тел. (38822) 28-349, 8-913-999-0919  
e-mail: book-magic@mail.ru

Қош  
келдіңдер,  
«Азатпай» мен «Балапан»!!





## **Армысындар, ақжүректі бүлдіршіндер!**



«Қосағаш ауданындағы қазақ балалары жастайынан жалындап, жарқырап өссін» деп, «Балапан» журналын қолдарыңа ұсынып, қуанышқа бөлеп отырған Қосағаш ауданының әкімі Әуелхан Жазитұлы Жатқанбаев ағамызға ризашылығымыз шексіз.

2007 жылы «Балапанның» алғашқы санын осы ағаларың: «Келешек жастар тілін, тарихын білсін, ауызбірлікте болсын» деген ниетпен жарыққа шығарған еді. Ол журналдың бас редакторы Теленгіт – Сартоғай ауылының қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Гүлдария Көксеғенова апайларың

болатын. Міне, содан бері біраз жағдайлармен бірнеше жыл өтсе де Әуелхан ағаларың «Балапандарыңды» дүниеге қайта әкеп, сендердің қуаныштарыңа ортақтасып, тілін, дінін, елін және жерін сүйетін жақсы азамат боп өсетіндеріңе мол сенім артады.

«Балапандарың» ана тілдеріңнің мөлдір бастауы, білімге жол ашар ақылшыларың. Ендеше, осы «Балапанның» достары болсаңдар, ұлттық тәрбие аласыңдар, салт - дәстүрімізді қастерлеп дәріптеуді үйренесіңдер. Тамаша емес пе, шығармаларың жарияланғанда, ең бірінші - өзіңнің, екінші – әкеңнің немесе атаңның (фамилияң), үшінші – мектебіңнің, төртінші – туған ауылыңның атын шығарасыңдар. Менің де «сендер, Шүйдің қазақ баласы қазақ тілін ұмытпасын» деп, «Балапанға» бар жанымды салып отырғаным сондықтан.

**ҚУАНЫШТАРЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, КІШКЕНТАЙ БҮЛДІРШІНДЕР!**

Ізгі ниетпен,  
Арқалық **РЫСБЕКҰЛЫ**

## **«БАЛАПАН» қанат қакты қайтадан!**

Ікінші, сүйінші балалар!!!  
«Балапан» қанат қакты қайтадан.  
Қанаты әлі қатқан жоқ,  
Арық күнді тосқаннан.

Ылы жаққа кеткен жоқ,  
Қалып келді қайтадан.  
Келді сендерге көңіл-күй,  
Қи беттерін қапталған.

Балапаның...  
Түй жерінің тәтті суын ішпекші,  
Қосағаштың кең жазығына ұшпақшы,  
Түй өзеннің мөлдіріне шомылып,  
Ауық көлдің қаймағына жүзбекші.

Балапаның ұшып саған барады,  
Қыр-шыр етіп айналып,  
Қанаттарын қағады.

«Балапаның» сүйікті,  
Баспанамды таптым деп,  
Алақаныңа қонады.

«Балапан» нұр сыйласын өзіне,  
Оқымасаң жас келеді көзіне.  
Ертегі, тақпақ айтып береді,  
Көз жүргіртсең өзіне.

Иә, балақай...  
Сен үшін осының бәрі де.  
Тіл үшін күйзеледі,  
Кәрі-жастың бәрі де.  
Оқып, көріп бәрін біл,  
«БАЛАПАНЫҢ» өзінде!





# ЖОЛДЫ ЖАЗАП КЕЧИГЕР

Эй, эй, чычкандар,  
Жолды жазап кечигер!  
Кызыл от күйгежин,  
Кыйыш жоктон, токтогор!

Жажыл от күйгежин,  
Жайым жолды кечигер!  
Светофор деп эдимге  
Жолды кечсеер, көрүгер!


Светофор жок жолдордо  
Ажарынкай болугар!  
Ары-бери ажыктап,  
Арайын жолды кечигер!







Сыр сандық



Сыр сандығым ашылды,  
Ішінен жібек шашу шашылды.

## **Үш тілді қатар үйренеміз**

Өсиет – Завещание,  
Ајарту – замечание.

Ящерица – кесіртке,  
Черкиш – шегіртке.

Крепость – қамал,  
Салқын – самал.

Один – бір,  
Лаш – жаңбыр.

Село – ауыл,  
Лоткон – дауыл.

Железо – без,  
Капшай – тез.

Бок – бүйір,  
Оодык – түйір.

Жарить – қуыр,  
Тарбаған – суыр.

Дело – іс,  
Тиш – тіс.

## **Есепші**

*Шаймерген ӘЛДИБЕКОВ*

- Бірге бірді қос,-деп Бек,  
Досқа күле қарады.  
Саусақтарын есептеп:
- Екі, - деп Дос санады.
- Үшке төртті қос, - деп Бек,  
Тағы күле қарады.  
Саусақтарын есептеп:
- жеті, - деп Дос санады.
- Онға бір қос...Қанша, інім?  
Деп, Бек тағы жабысты.  
Жеткізе алмай саусағын,  
Дос башпайға ауысты...



## **ҚОС ТІЛ - ҚОС ҚАНАТ**

Мен орысша білем, ковер деген кілем.  
Палка деген таяқ, нога деген аяқ.  
Садик деген бақша, деньги деген ақша.  
Смех деген күлкі, лисица деген түлкі.  
Уголь деген көмір, жизнь деген өмір.  
Хлеб деген нан, цифр деген сан.

Самира, 4 жаста  
Жазотыр ауылы



# Т Е Л Е Ф О Н Д У Ч Ы Ч К А Н А К

Чычкан эмди кайракан —  
Айлында онын телефон.  
Солун-собыр угарга,  
Телефон согот Кискеге:  
— Жакшылар, Киске эжебис!  
Слерге бистинг эзенис.  
Кемге айылдап жүрдүгер,  
Кандый солун уктыгар?

**Киске:**

— Ары-бери барзам ла,  
Айыл ээзи арбанар,  
Онын учун айылда  
Амырап жададым орында.

**Чычкан:**

— Бисте ончо эзен-амыр,  
Чындап, кече урган жанмыр.  
Бүгүн десе жылу, айас,  
Байла, келген жылу жас.  
Кече кере түжине  
Кычыргам мен бичиктер.  
Ередеевтен баштайла,  
Кыдыевке жетире.

**Киске:**

— Бистинг де айылда  
Бичиктер база тоомжыда.  
Же кычырарга мен жалку,  
Акалап ийет уйку.







Назарларыңызға рақмет!